

ШЕШЕН СӨЗІНІҢ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Б. Шалабай,

филология ғылымының докторы,
С. Демирел атындағы қазақ-түрік
университетінің профессоры

Шешеннің сөзі — бұл бір адамның монолога, бірақ айрықша типтегі монолог, ауызша сөздің ерекше бір түрі. Ол-мазмұны жағынан аяқталған, тұтастай алғанда, негізгі ойға, бір мақсатқа бағындырылған тілдік құрылым.

Оның ерекшелігі бір арнаға бағытталғандығында, яғни тыңдаушыларға арналғандығында. Солай бола тұра оны біржақты тілдік бірлік деуге болмайды. Шешен тыңдаушыларға қарап сөйлегенде олармен жанды қарым-қатынасқа түседі. Тыңдаушылар онымен келісуі мүмкін, не келіспеуі мүмкін, оның айтқандарына күдікпен қарап, іштей қарсылық білдіріп те отырады. Өз кезегінде шешен аудиторияның қас-қабығын байқап, тиісінше оған дайын болуы керек. Сөйтіп, тыңдаушылармен ерекше диалогтық қатынас түріндегі белсенді байланыс орнайды.

Бейнелеп айтқанда, сөз сөйлеу де саяхат жасау сияқты. Қайда барасын, қайда тоқтайсың — мақсатыңды анықтап алмай жолға шығуға болмайтыны секілді, сөз сөйлеуге де дайындықсыз шығуға болмайды.

Әрине, сөйлесудің түрі көп және олардың әрқайсысында өзіндік заңдылықтары болады. Мысалы, отбасында, немесе қонақтағы әңгімелесу, екеу ара әңгіме-дүкен құру т.б. Ал жұрт алдында сөйлесудің жөні бөлек, әңгіме сол туралы.

Дайындық сөздің түріне, қайда айтылатынына байланысты жүргізіледі.

Мысалы, шеру алдындағы (митингідегі) сөз әдетте қысқа, сол жерде туындайтын жағдаятқа байланысты болады, алдын-ала дайындықсыз айтылуы да мүмкін. Мәжілістегі жарыссөзде сөйленетін сөз де аяқ астынан туындап жатады. Кейде әлеуметтік-тұрмыстық сөздердің кейбірі, мысалы, құттықтау, көңіл айту т.б. алдын-ала ойланбай, дайындықсыз айтылады. Алайда, сөйленетін сөздердің көпшілігіне алдын-ала дайындық жүргізіледі.

Академиялық және соттағы сөйленетін сөздер мұқият дайындықты қажет етеді. Әсіресе, жаратылыстану, техника ғылымдары бойынша оқылатын лекцияларда бұл ерекше, өйткені оларда лабораториялық тәжірибелер, әртүрлі корнекіліктер пайдаланылады.

Сөйлеуге дайындық тақырыпты айқындаудан басталады. Тақырыпты тандауда оның өзектілігі, қызықтылығы, нақтылығы, қажеттілігі, түсінікті болу жағы ескеріледі. Оның атының өзі тыңдарманды қызықтыруы тиіс. Мысалы, “Табиғатты құтқарындар!” “Біз қайда барамыз?” т.б. Кейбір қысқа сөйленетін сөздердің тақырыбы болмайды.

Сөйленер сөздің мақсаты бірнешеу болады. Сөйлеуші алдына тыңдаушыларға жай ақпарат беру міндетін қоюы мүмкін. Екінші бір жағдайда тыңдаушыларды толғандыратын, ойландыратын мәселені тандайды. Үшінші бір жағдайда тыңдарманды айтқанына сендіріп, белгілі бір іске жұмылдыруды көздейді. Көбінесе бұл мақсаттар араласып келіп жатады.

Сөйлеуге дайындықтың алғашқы кезеңі — тыңдарманды, олардың құрамын, жалпы жағдайды зерттеп, оған баға беру. Алдымен, шешен тыңдаушылар жөнінде толық мәлімет алуы тиіс. Олардың әлеуметтік құрамы (студенттер, зиялы қауым, жұмысшылар...), білім деңгейі, мамандық саласы (жаратылыстану, гуманитарлық), жас мөлшері т.б. Құрамы жоғарыдағы ерекшеліктері жағынан бірыңғай ма, бірыңғай емес пе, тыңдаушылардың көңіл-күйі, тақырыпқа қатынасы, таныстығы, қызығушылығы т.б. қандай?

Тіпті, сөйленер сөздің қайда өтетіні (көшеде ме, далада ма), аудиторияның үлкен-кішілігі, оның жабдықталу жағдайы (стол, трибуна, микрофон бола ма, жоқ па), күннің қай мезгілінде өтеді (таңертең, түсте, кешке), қай ретпен сөйлейсің (алдымен бе, соңынан ба) — осындай ұсақ-түйектердің бәрі маңызды, өйткені осыларды ескермейінше, сөздің ойлағандай болып шығуы неғайбыл.

Сөзге дайындықтың келесі кезеңі — сөздің алғашқы жоспарын жасау (ол, әрине, кейін де түзетіледі). Оны *жұмыс жоспары* дейді. Бұл қажетті материал, дереккөздерді реттеу үшін керек. Әрине, мерейтойлық құттықтауда сөз басқа, ал баяндама жасап, не лекция оқуда, соттағы сөзде тыңдаушыларды сендіру үшін көптеген дәйекті деректерді келтіріп, өзіңнің көзқарасыңды дәлелдеп шығуың керек.

Ептілікпен пайдаланылған деректер мен сандық көрсеткіштер сөзді байытады; оны нақты, түсінікті, сенімді етеді. Пайдаланылған деректер дәл, шынайы болуы керек. Және сөзіңіз тек жалаң деректерден тұрмай, сөзіңнің мәнін, негізгі идеясын түсіндіруге қызмет етуі тиіс, басқаша айтқанда, деректер ойды көміп тастамауы тиіс. Сонымен бірге өте-мөте маңыздысы — сол деректерге өзіңіздің жеке басыңыздың қатынасы да тыңдаушылар үшін қызықсыз емес, сөз ішінде оны да білдіріп отырсаңыз ұтымды болады.

Деректер өзіңіздің өмірлік тәжірибеңіз негізінде жинаған не басқа да білетін адамдардан естіген мәліметтер болуы мүмкін, бірақ олар көбінесе, әртүрлі энциклопедиялардан, анықтағыш, кітап, журнал, газеттер мен құжаттардан алынуы тиіс.

Деректермен жұмыс жасау барысында олардан үзінділер, жекелеген бөліктер немесе тұтас беттер көшіріліп алынуы мүмкін. Олардың кейбірі дәйексөз үшін пайдаланылады. Дәйексөз не үшін керек? Дәйексөз шешеннің ойын басқаша пішінде қайталайды. Сөздегі ойды әр түрлі нұсқада қайталаусыз сөйлеу жақсы қабылданбайды. Керісінше бейнелі, әсерлі қайталау сөздің бір өнділігін бұзып, тыңдаушыларда жақсы көңіл күй де туғызады. Әрине, дәйексөз түсінікті, оңай қабылдануын қадағалау керек. Дәйексөзді қате, немесе бұрып қолдану шешенге абырой әпермейді. Және бір ескеретіні, оны барлық уақытта, кез келген жерде қолдануға болмайды. Дәйексөздің күші оның көптігінде емес, ол орынды, дер кезінде келтіруінде.

Кітаптардан көшірілген деректерді және оларды оқыған кезде туған ойларды жеке-жеке, бірдей көлемді қағаздарға көшірген дұрыс. Оның жоғары жағына тақырыбы, төменгі жағына қайдан алынғаны туралы мәлімет жазылады. Газет, журналдардың қиындылары да бөлек жиналады.

Сөйлеуге дайындықтың келесі кезеңі — сөйлейтін сөзінді толық жазу керек пе, жоқ әлде жоспарын ғана жасап, оны сәл ғана кеңейту жеткілікті

ме? Бұл сұраққа жауап та бірдей емес. Шешендердің бір тобы сөйлейтін сөзінді толық жазу керектігін көлденең тартады. Екіншілерінің ойынша, жазылған сөз шешеннің қол-аяғын байлап-матап, кең көсілуге мүмкіндік бермейді.

Бұл тұрғыда айтарымыз: сөзді толық жазбай, оның тек жоспарын жасап мінбеге шығу әбден төселген тәжірибелі шешендерге ғана тән. Суырып салмалылық басты мәселелерді ойша жинақтап, оларға ерекше көңіл аударуды, ойды шегелеп нақтылауды қажет етеді.

Сонымен, сөйлеуге дайындық кезінде оның мәтінін толық жазуға да, не оның тезисін, жоспарын жасаумен шектелуге де болады. Бұл шешеннің тәжірибесіне, біліміне, сөздің түріне, ұзақтығына т.б. жағдайларға байланысты. Қалай болғанда да сөйленетін сөздің жазбаша негізі болған жөн, ол сізді қысылып, қымтырылудан сақтайды.

Жазылған мәтінді не оның ұзын сұлбасын дауыстап оқып жаттығу керек пе? Мұның пайдасы болмаса, артықтығы жоқ. Себебі сөйлеп жаттығу кезінде сөздің ұзақтығына, айтылу мәнеріне, ырғағына, мақамы мен қарқынына т.б. көңіл аударасың. Тіпті, еуропа шешендері айнаның алдына тұрып, өзінің түріне, әрбір қимылы мен жүріс-тұрысына, мимикасына, әрекетіне көңіл бөледі екен. Бұлар дұрыс қолданса, сөздің мазмұнын түсінуге қосымша қызмет етеді.

Жазылған сөзді оқыған дұрыс па, қағазға қарамай еркін сөйлеп айтып берген дұрыс па? Әдетте, мәтіннен ауытқуға болмайтын сөздер болады, олар: дипломатиялық сөздер, салтанатты мәжілістердегі құттықтау сөздер және ресми, ғылыми баяндамалар. Оларды міндетті түрде оқып беру керек.

Ал қалған сөздерді шешен аудиториямен байланысын үзіп алмас үшін және оған тигізетін әсерін әлсіретпес үшін, оқымай, еркін сөйлеуге міндетті. Еркін сөйлеген сөздің әсері оқыған сөзге қарағанда күштірек. Әрине, алдында жоспары, тезисі, не тіпті, толық мәтіні жатуы керек, бірақ ешқашанда тыңдаушыны ұмытып, барлық зейінің мәтінді оқуға ауып кетпеуі тиіс.

Әрине, бір мезгілде әрі ойлап, әрі оны құрастырып дауыстап сөйлеу оңай емес. Алайда бұған үйренуге болады, тек әр сөйлеуге тыңғылықты дайындалуға міндетті екенінді ұмытпасаң болды.

Сөзді сөйлеп болғаннан кейін, оның қалай шыққаны міндетті түрде талдануға тиісті. Бұл ондағы кемшіліктерді тауып, оларды келесі сөйлеулерде болдырмау үшін қажет. Өзін жетілдіріп, шыңдап отыру — әр шешеннің міндеті. Шешеннің аузынан шыққан әр сөзі тыңдарманға зор әсер етіп, онымен байланысын одан әрі нығайтуға бағытталуы керек.

Кез келген аяқталған дүниенің өзіндік құрылымы (әр бөлігінің өз орны, бір-бірімен байланысы) болатыны сияқты, сөйленетін сөздің де оның мазмұны мен ой түйініне сәйкес, бөліктерінің орналасу реті болады, олар бір-бірімен байланыста болып, бір бүтін құрап тұрады.

Тәжірибелі шешеннің сөзі тыңдарманды өзіне бірден баурап алады. Ондай әсерлілік сөзді шебер бастаудан туады. Әдетте көп алдында сөз бастау этикетінің қалыптасқан түрлері бар: Сәлеметсіздер ме, қадірменді әлеумет...; Қадірлі достар...; Мен сіздермен кездесіп тұрғаныма қуаныштымын... т.б.

Сөздің көздеген мақсатына жетуі үшін тыңдарманның көңілін бірден

және біржола жаулап алудың жөні бөлек. Мұнда сөздің бас кезеңі (басталуы) өте-мөте мәнді. Ол үшін сөз басында ерекше тәсілдер қолданылады. Оларға өмірде басынан кешірген, айтылатын жайға қатысы жоқтай болып көрінетін қандай да бір жағдай, ерекше бір оқиға, күтпеген тосын сұрақ т.б. жатады.

Сөз басында көңіл аударатын осындай әдістен кейін негізгі сөзге көшеді. Жоғарыдағыдай бастама әр сөзде бола бермеуі мүмкін, ол сөздің түріне байланысты. Мысалы, академиялық сөзде алдымен негізгі айтылатын мазмұнның мәні мен маңызы баяндалып, тыңдаушыны психологиялық жағынан дайындау жүргізіледі. Кіріспеде баяндаманың тақырыбы жарияланып, негізгі бөлімде қаралатын мәселелер санамаланып беріледі. Сөйленетін сөздің мақсаты мен міндеттері белгіленеді. Бұл тыңдаушылардың көңілін аударып, оларды қызықтыруы, айтылар сөзді қабылдауға дайындауы тиіс.

Кіріспе сөздің басты бөліміне өтуге көмектеседі. Басты бөлімде сөздің негізгі ойы сомдалады. Ол сөздің алдында не соңында берілуі мүмкін, бұл еске сақтаудың психологиялық заңына негізделеді, ол заң бойынша сөздің басы не соңы адамдардың жадында жақсы сақталады.

Сөздің негізгі бөлімінің де өз құрылымы болады. Бұнда баяндаудың логикалық формалары іске қосылады, олар: талдау, біріктіру (жинақтау), салыстыру, жалпылау (қорыту).

Талдау — заттарды, нысандарды ойша бөліктерге бөлу, олардың жеке белгілерін ойша бөліп көрсету. Келесі кезеңде жеке бөліктерді, белгілерді біріктіру арқылы заттың, нәрсенің толық бейнесі жасалады. Сөйтіп, жинақтау — талдау нәтижесінде алынған заттың, нысанның не оның белгілерінің жеке бөліктері ойша тұтас бір бүтін бірлікке айналады. *Салыстыру* — басты не басқа белгілері арқылы заттардың айырмашылығын не ұқсастығын (ойша) анықтау. *Қорыту* — жеке зат, құбылыстарды белгілі бір ұғымға (ойша) біріктіру.

Логиканың заңдары бойынша сөйлеген сөзіңізде бір айтқаныңызды екіншісі жоққа шығаратын қарама-қайшылықтар болмауы, сөзіңіздің ішінде пайдаланған ұғымдарыңыз бен пайымдауларыңыз анық, сенімді, нық негіздемеге ие болуы тиіс.

Баяндау (сөйлеу) кезінде шешен түсіндіру, тақтаға жазу, көрнекі құралдар көрсетіп, тәжірибе жасау әдіс-тәсілдерін пайдаланады. Шешен жалпыдан жекеге көшу (дедукция), керісінше жекеден жалпыға келу (индукция), немесе ұқсастыру (аналогия) сияқты тәсілдерді пайдалана отырып, айтқандарының дұрыстығын нақ айғақтар келтіре дәлелдеп шығады.

Шешен сөйлеу кезінде тыңдаушыларды сендіріп айтқан ой-пікірлерінің шындығын дәлелдеу үшін *аргументтерді* де шебер пайдалануы тиіс (аргумент - шындығы іс жүзінде тексеріліп дәлелденген ой). Аргументтерге — құжаттар, статистикалық материалдар, тәжірибеден өткен деректер мен жоғары беделге ие адамдардың (ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері) сөздері жатады. Оларға сілтеме жасау тыңдаушыларға эмоционалды тұрғыдан әсер етіп, айтылғанға сенуіне ықпал жасайды. Соттағы сөздерде кейде судьялардың, залдағы адамдардың аяныш туғызу сезімдеріне де жүгінеді, солардан өздеріне тірек іздейді. Бірақ аргументтерді де өте зор жауапкершілікпен, аса мұқият тексеріп пайдаланған жөн.

Сөздің басы, ортасы қандай маңызды болса, соңы да сондай мәнді. Сөзді шеберлікпен аяқтау тыңдаушыларда шабытты көңіл-күй туғызады, шаршағандарын ұмыттырады, жаңа бір ойға, іске жігерлендіреді.

Сөз соңында айтылғандарға қорытынды жасалады, оның негізгі тезистері қайталанып, ең маңыздылары асты сызып көрсетіледі; кейбірінде келесі сөздің тақырыбы немесе айтылған ойдың ары қарай даму жолдары белгіленеді. Сөз соңында шешен тыңдаушылардың алдына айтылған сөздің негізінде міндеттер қойып, олардың өз көзқарасын білдіріп, пікір-таласқа шақыруы да мүмкін.

Қорытындының түрі сөз түріне, мақсатына байланысты болады. Университеттегі лекцияда айтылғандардың логикалық қорытындысы шығарылса, ғылыми-көпшілік лекцияда тыңдаушылардың эмоциясына әсер етумен аяқталады. Митингіде шешен сөзін белгілі бір іске шақыратын ұрандармен аяқтауы мүмкін.

Қалай болғанда да сөздің қорытылуы қысқа, тиімді болуы тиіс. Тәжірибесіз шешендер сөздің аяғын созып алады, ол тыңдаушыларға кері әсер етуі мүмкін. Жақсы айтылған сөзден жаман әсер қалады, сондықтан қорытындыны да мұқият дайындап алу керек.

Шешендік сөздің ірілі-ұсақты бөліктерін бір-бірімен байланыстыратын құралдары болады. Осыған орай мағыналық бөліктерінің байланысы, олардың реттілігі іске асады.

Байланыстырушы құралдар (белгілі бір сөздер мен сөз тіркестері) әр түрлі модульділікті білдіретін қыстырма сөздер мен қыстырма элементтер (менің ойымша, біріншіден, екіншіден, ескеретін бір нәрсе, бұл жөнінде кейін айтамын), бұрынғы айтылғанға (алдымен, өткен жолы айтылғанға қысқаша тоқтала кетейін), немесе кейін айтылатын жайға сілтеме жасау (алдын-ала айтып қояйын, кейін айтылатыны сияқты) түрінде болуы мүмкін.

Байланыстырушы тәсілдерге сондай-ақ сөздің мәнерлілігін арттыруға қызмет ететін әртүрлі стилистикалық фигуралар да жатады (белгілі бір сөз орамдары, синтаксистік құрылымдар). Солардың ішінде ең көп тарағаны – қайталаулар. Қайталаулар сөйлеуге үдемелі қарқын беріп, күшейтеді, сөз бөліктерін байланыстырады, айтылуда тірек сөздер қызметін атқарады және сөздің өзекті ойларын бөліп көрсетіп, мағыналық жағынан мәнді тұстарын күшейтуге көмектеседі.

Сөйтіп, сөздің композициясы да сөздің өзі сияқты шығармашылық сипатқа ие, белгілі бір қалыпқа сыймайды. Шешендік сөзде ой бөліктері кезектесіп бір-бірімен байланыста, бағынышта келе отырып, әрі даралығымен, әрі тереңдігімен ерекшеленуі тиіс.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются этапы подготовки к вступлению устной речи оратора и структуры композиции его речи.